

2023 жылғы қаңтар-наурызға Қазақстан Республикасы халқының көші-қоны


Шығарылған күні: 12.05.2023

1. Негізгі ойлар
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Негізгі ойлар

- 2023 жылғы қаңтар-наурызда елге келгендер саны 7 680 адам, елден кеткендер саны 2 664 адамды құрады. Көші-қон сальдосы 5 016 адамды құрады.
- 2022 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда Қазақстанға келгендер саны 87,0% - ға өсті, Қазақстаннан кеткендер саны 49,6% - ға азайды.
- Елдің негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен жүреді. ТМД елдерінен келгендердің үлесі 90,0%, ал бұл елдерге кеткендердің үлесі - 69,5% құрады.

Халықтың халықаралық көші-қоны



Электрондық кестелер

2023 жылғы қаңтар-наурыздағы халықтың көші-қоны

Жеке этникалық топтар бойынша сыртқы көші-қонның құрылымы, жалпы санына пайызбен

Келгендер




Кеткендер



Халықтың өңіраралық көші-қоны

- Ел ішінде көшіп келушілер саны 10,9% -ға өсті. Өңіраралық көші-қон бойынша еліміздің 4 өңірінде: Алматы (6 782 адам), Астана (6 443 адам), Шымкент (241 адам) қалаларында және Алматы обласында (223 адам) халықтың көші-қонының оң сальдосы қалыптасты.

Көші-қон айырымы



2. Динамикалық кестелер

жылдар бойынша:

[Халықтың сыртқы көші-қоны](#)

[Елдер бойынша сыртқы көші-қон](#)

[Жалпы көші-қонайырымы](#)

айлар бойынша:

[Халықтың жалпы көші-қон өсімі](#)

[Халықтың сыртқы көші-қоны](#)

[Халықтың ішкі көші-қоны](#)

3. Глоссарий

Халықтың көші-қоны – тұрған жерін ауыстыруға байланысты қандайда болса өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) орын ауыстыруы.

Келгендер саны - есепті кезеңдесырттан осы өңірге көшіп келген адамдар саны.

Кеткендер саны – есепті кезеңде сыртқа осы өңірден көшіп кеткен адамдар саны.

Көші-қон айырымы - есепті кезеңде өңірге көшіп келгендер саны мен одан көшіп кеткендердің саны арасындағы айырмашылық.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Халықтың көші-қоны – тұрған жерін ауыстыруға байланысты қандайда болса өңірдің шекарасы арқылы адамдардың (көшіп-қонушылардың) орын ауыстыруы.

Республика өңірлеріне келгендер мен олардан кеткендер саны Ішкі істер министрлігінің көші-қон қызметі комитетінен келіп түсетін халықты тұрғылықты жері бойынша есепке алған кезде толтырылатын келгендер мен кеткендердің статистикалық есеп талондарын әзірлеу нәтижесінде анықталады:

Ағымдағы статистикалық есепте шартты түрде келгендер мен кеткендердің саны жазылады, алайда мұнда келу және кету сандары туралы айтылып отыр.

Көші-қонның негізгі көрсеткіштері:

келгендер саны (келу);

кеткендер саны (кету);

көші-қон өсімі (немесе кемуі), көші-қон сальдосы, таза көші-қон

Көші-қон қарқындылығының көрсеткіштері белгілі бір кезеңдегі халықтың жиынтығында тұрғылықты жерінің өзгеру жағдайларының жиілігін сипаттайды. Көші-қон қарқындылығының жалпы жылдық коэффициенттері көбінесе 1000 тұрғынға шаққанда қолданылады.

5. Пайдалы сілтемелер

[Халықтың көші-қонының негігі көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Халықтың көші-қоны, сапа туралы есеп](#)

[Халықтың көші-қоны, Талдау Ақпараттық «Талдау» жүйесі](#)

Келесі шығарылым күні: 10.08.2023

Жауапты шығарушы: Халық статистикасы департаменті	Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061	Орындаушы: Ж. Айдарбекова Тел. +7 7172 749540 E-mail: @aspire.gov.kz	Мекенжайы: 010000, Астана қ. Мәңгілік ел даңғылы, 8 Министрліктер үйі, 4 кіреберіс
--	---	--	--